

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне бағалы қағаздар рыногы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2001 жылғы 11 шілде N 237-II

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1. "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 1997 жылғы 5 наурыздағы Z970077_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 5, 52-құжат; N 12, 184-құжат; N 13-14, 205-құжат; 1998 ж., N 17-18, 224-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 22, 408-құжат):

1) 44-баптың 2-тармағының бірінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бағалы қағаздармен биржалық сауда жасау ережелерін, сондай-ақ осы ережелерге өзгерістер мен толықтыруларды қор биржасының басқармасы әзірлейді, уәкілетті органмен ол айқындаған тәртіпте келісіледі және қор биржасы мүшелерінің жалпы жиналысында бекітіледі.";

2) 57-баптың 2-тармағының төртінші абзацы "стандарттарын жасау" деген сөздерден кейін "және бекіту" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 58-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Өзін-өзі реттейтін ұйымның ережелері, сондай-ақ осы ережелерге өзгерістер мен толықтырулар уәкілетті органмен ол айқындаған тәртіпте келісіледі және өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің жалпы жиналысында бекітіледі.".

2. "Қазақстан Республикасында бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеу туралы" 1997 жылғы 5 наурыздағы Z970078_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 5, 53-құжат; N 13-14, 205-құжат; 1998 ж., N 17-18, 224-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат):

24-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Орталық депозитарийдің ережелер жинағы, сондай-ақ осы жинаққа өзгерістер мен толықтырулар уәкілетті органмен ол айқындаған тәртіпте келісіледі және орталық депозитарий акционерлерінің жалпы жиналысында бекітіледі.".

3. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі Z952235_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 6, 43-құжат; N 12, 88-құжат; N 23, 152-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180, 181-құжаттар; N 11-12, 257-құжат; N 15, 281-құжат; N 23-24, 416-құжат; 1997 ж., N 4, 51-құжат; N 7, 82-құжат; N 10, 112-құжат; N 11, 144-құжат; N 12, 184, 188-құжаттар; N 13-14, 195, 205-құжаттар; N 20, 263-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 4, 45-құжат; N

14, 197, 201, 202-құжаттар; N 23, 425-құжат; N 24, 436, 442, 445-құжаттар; 1999 ж., N 6, 192, 193-құжаттар; N 20, 731-құжат; N 21, 786-құжат; N 23, 928-құжат; N 24, 1067-құжат; 2000 ж., N 3-4, 65, 66-құжаттар; N 10, 234-құжат; 2001 ж., N 3, 16-құжат; 2001 жылғы 5 мамырда "Егемен Қазақстан" және 2001 жылғы 9 мамырда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2001 жылғы 3 мамырдағы Z010183_ Қазақстан Республикасының Заңы; 2001 жылғы 15 маусымда "Егемен Қазақстан" және 2001 жылғы 13 маусымда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2001 жылғы 11 маусымдағы Z010207_ Қазақстан Республикасының Заңы; 2001 жылғы 26 маусымда "Егемен Қазақстан" және 2001 жылғы 27 маусымда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" 2001 жылғы 22 маусымдағы Z010213_ Қазақстан Республикасының Заңы):

5-баптың 13) тармақшасының д) тармақшасындағы "борыштық бағалы қағаздар бойынша табысты қоспағанда," деген сөздер алып тасталсын.

2-бап. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді.

Осы Заңның 1-бабы 1 және 2-тармақтарының күші ол қолданысқа

енгізілгенге дейін туындаған қатынастарға қолданылады.

Бағалы қағаздармен биржалық сауда жасау ережелері, бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларының өзін-өзі реттейтін ұйымдарының ережелері, орталық депозитарийдің ережелер жинағы, сондай-ақ оларға осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін қабылданған өзгерістер мен толықтырулар олар қабылданған кезден бастап келісілді деп есептелсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК